

**Кітапхананың 2022-2023 жылындағы
атқарылған жұмыс есебі**

Кітапхананың 2022-2023 оқу жылындағы оқулықтармен қамтамасыз ету туралы мәлімет

Жалпы кітап қоры: 17044
Оқулық саны: 14264
Әдеби кітап: 2308
Әдістемелік : 244
Анықтамалық : 68
Сөздіктер: 80
Электронды оқулық: 80
Есептен шығарылғаны: 3803
Жаңа келген оқулық: 1187
Оқырман саны: 675
Кітапханаға келімі: 6075
Кітап берлімі: 12150
Оқушыларды оқулықпен қамтылуы. 100 %

Сыныбы	Оқушы саны	Оқулық саны	Қамтылуы %
1	67	170	100%
2	68	90	100%
3	75	76	100%
4	64	76	100%
5	65	103	100%
6	77	84	100%
7	66	73	100%
8	63	70	100%
9	70	69	98%
10	64	69	100%
11	64	71	100%
Барлығы	743		99%

№13 Т.Бигелдинов атындағы жалпы орта мектеп кітапханашыларының 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыс есебі.

Тамыз айында мектеп оқушылары оқулықпен 100 пайыз қамтамасыз етілді. Қыркүйек айында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханасында "Елге құрмет –тілге құрмет" атты көрме қойылып, 7-8 сынып аралығында «Жаңа кітап-жаңа ой» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында әр аптаның жұма күні "20 минут" кітап оқу сағаттары ұйымдастырылды.

Оқу сағаттарының мақсаты: мектеп мұғалімдері мен оқушыларды, кіші қызметкерлерді және ата-аналарды қазақ ақын- жазушыларының шығармаларын оқуға насихаттау.

Қазан айында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларынан 9- сынып оқушылары аралығында шығармаларын жатқа айту. Іс-шара барысында 9-сынып оқушылары өмірінен мәліметтер мен өлеңдерін айтып жарыса пікір алмасты.

"Оқуға құштар мектеп" жобасының жоспары аясында кітапханада өткізілген 7-8 сынып оқушылар аралығында "100 кітап" жобасы аясында қазақ –ақын жазушылардың ұсынылған әдеби шығармалардың мазмұнын айтып, пікірлерін ортаға салды. Қазіргі таңда әдеби кітаптардың электронды нұсқалары бар, бірақ оқушылар кітаптан оқығандай әсер алмайтындарын айтты.

Қараша айында 5-9 сынып оқушыларымен "Менің сүйікті ақыным!" атты сайыс өткізілді. Сайыста ақын -жазушылардың кітабын оқып, мазмұнын айтып беру. «Кітап арқылы өзіңді және өзгені таны» көрме ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында 16- желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай оқырмандарға мемлекет тәуелсіздігінің қалыптасуы туралы мағұлмат беру, еліміздің болашағына жауапкершілікпен қарау, отанын сүйуге, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу мақсатында "Ел тәуелсіздігіне—31 жыл" атты кітапханада көрме ұйымдастырылды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында кітапханашылар мен тәлімгердің ұйымдастырумен «Бір кітап-бір сурет» өздері оқыған кітабының кейіпкерлерінің суретін салу. 4-6 сынып аралығында болып өтті.

Қаңтар айында "Қысқы демалыста кітап оқимыз" акциясы жалғасты. Оқушылар қысқы демалыста өздері оқыған әдеби кітаптары туралы түсініктерін айтты. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында әр аптаның жұма күні "20 минут" кітап оқу, 3 минут эссе жазу сағаттары ұйымдастырылды. Оқу сағаттарының мақсаты: мектеп мұғалімдері мен оқушыларды, кіші қызметкерлерді және ата-аналарды қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын оқуға насихаттау.

Ақпан айында « Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында ақын, драматург, аудармашы М. Макатаевтың туғанына 91 жыл толуына орай мектепшілік мәнерлеп оқу 2-10 - сыныптар арасында өткіздік .

Наурыз айында әдеби кітап қорын ұлғайту мақсатында "Ерікті кітап өткізуші" акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектеп ұжымы, оқушылар және ата-аналар белсене қатысып, өздері оқыған ақын жазушылардың кітаптарын мектеп кітапханасына тапсырды.

Сәуір айында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 7-10 сынып аралығында "Менің сүйікті ақыным" тақырыбында оқырман сайысы өткізілді. «Құқықтық сауаттылық – уақыт талабы» кітап көрмесін жасадық.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында «Менің сүйікті ақын жазушым» қазақ ақын –жазушылардың шығармасынан монолог оқу.

Мамыр айында Імамыр "Бейбітшілік –ел тілегі" көрме ұйымдастырылды. 9- мамырда "Ұлы жеңіске -77 жыл" көрме ұйымдастырылып, «Ұлы жеңіс жасасын!» атты іс -шара өтті. Іс-шараларға белсене қатысқан оқушылар мектеп әкімшілігі тарапынан марапатталды.

Мектеп директоры:  Ж.Отарин

Мектеп кітапханашысы:  Г.Ысраил

